



Ардагерге құрмет
2-бет



Қой жылы болған
маңызды тарихи
оқиғалар
3-бет



Қысқы
ертегілер
4-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

№01 (510) БЕЙСЕНБІ, 1 қаңтар 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖАҢА 2015 ЖЫЛ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ӨКЕЛСІН!



Құрметті Бородулихалықтар!

Баршамызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

2014 жыл еліміз үшін шын мәнінде бірақ пен берекенің, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің кезеңі болды деп айтуға болады. Қазақстан экономикада еңселі биіктерді еңсеріп, әлемнің бәсекеге қабілетті ең серпінді дамыған елдерінің қатарына қосылды. Осы табыстарымыздың бәрі – Елбасының саяси саясатының жемісі. Тарих қойнауына кетіп бара жатқан 2014 жыл тарту еткен барлық жақсылық атаулы жарасымды жалғасын тапсын. Жаңа жылды қашан да алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жағымды жаңалық күтетін, өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешек бағыт-бағдарымыз бен мақсат-міндеттерімізді белгілейтін, Үміт, Сүйіс мерекесі ретінде күтеміз. Қазақ халқында «Ескі жыл есіркесің, жаңа жыл жарымқасын» деген сөз бар. Өткен жылға өкпе жоқ, ал келер жылдан күтер үмітіміз де, тілер тілегіміз де жетерлік.

Елімізде тыныштық пен ынтымақ салтанат құрып, Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін! Жаңа жылдың атқан әр таңы сәтті болып, Сіздерге зор денсаулық пен бақыт сыйласын!

Құрметпен,
Г. АКУЛОВ,

Бородулиха ауданының әкімі,
У. МАЙЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

ЖАҢА ТІЛЕК

*Әр отауға жылу әкел Жаңа жыл,
Шуақ сыйла, қуат сила жаңа бір.
Мамыражай өмір болып кел дағы
Өзіңменен қуанышты ала кір.*

*О, Жаңа жыл, күлкі сыйла сәбиге,
Сәби атты періште бер әр үйге.
Ұмытпағай абзал жанды ананы
Шаттық сыйла оларға да, әрине!*

*О, Жаңа жыл, ел іргесін тыныш қыл,
Адамдарды татуластыр, туыстыр.
Боз көжесін ішсе дағы қазағым
Тек ішсінші тек отырып тыныш бір.*

*О, Жаңа жыл, жүректерді жандырып,
Сүйіспендік жүре берсін сән құрып.
Шаңырақтың сөнбестей қыл шырағын
Жұбайларға махаббат бер мәңгілік.*

*Ақыныңа тың өріс бер, Жаңа жыл,
Мөлдірлік пен парасат бер маған бір.
От қалам бер, уақыт бер аздаған
Өмір жайлы жазайыншы жаңа жыр.
А.ТЛЕУҒАЗИН*

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА ЖЫЛ!

Жаңа жыл – жақсылықтың, үміттің, шаттықтың мерекесі. Бұл күні қызықты мерекелік іс-шаралар өткізу сан ғасыр бойы қалыптасып қалған дәстүр. Осы күнді, әсіресе, балалар барынша көңілді өткізуге тырысады. Бұған ересектер де үлес қосып, балдырғандардың Жаңа жыл мерекесін жақсы ауанда өткізуге барын салады.

Сондықтан да еліміздің түкпір-түкпірінде балаларға арналған мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Солардың бірі – жергілікті әкімдердің шыршасы. Бұл шараның басқалардан маңызы да, салмағы да артығырақ десек артық айтпаспыз. Себебі бала – қоғамның ең жас буыны. Олардың бойында азаматтық дұрыс бағдар қалыптастырып, әр балғынның ертеңгі күнге деген сенімін арттыру, оларға шаттық сыйлау – аға буынның ең үлкен парызы болып табылады.

(жалғасы 3-ші бетте)



ЖАҢА ЖЫЛ - ЖАҢА НҰР

Аудан әкімдігінің отырысы

Желтоқсанның 25 жұлдызында аудан әкімі Григорий Акуловтың төрағалығымен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы болды. Алғашқы күн тәртібінде дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Бычковскийдің Ауданда дене шынықтыру және спортты дамыту жұмысының

жағдайы туралы әкімге есеп берді. Одан кейін бірнеше ақпараттар тыңдалды. Алғашқы болып заң бөлімінің басшысы А.Тұмарбек 2014 жылы сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ауданның мемлекеттік органдары жұмысының нәтижесі және 2015 жылы сыбайласа жемқорлыққа қарсы тапсырмалар туралы өзінің ақпаратын берді. Одан кейін Бородулиха ауылдық округі әкімінің орынбасары Ф.Бельбеев Бородулиха ауылдық округінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану саласындағы қолданыстағы заңнаманың қадағалануы туралы ақпарат берді. Осы отырыста қарастырылған есепке сәйкес қаулы қабылданып, ақпараттар мәліметке алынды.

Т.ҚАЛИБАЕВ

Ардагерге құрмет



Халықтық мереке Жаңа жыл қарсаңында және Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына орай 29 желтоқсанда аудан әкімі Григорий Иосифович Акулов, аудан әкімінің орынбасары Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Мәжит Төкенұлы Жақсылықов, «КХ «Новая Заря» ЖШС директоры Ахмет Хафизұлы Матаев және Андреевка ауылдық округінің әкімі Бербол Төкенұлы Кулаков Михайличенково ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Алексей Игнатьевич Близнецті келе жатқан Жаңа

жыл мерекесімен құттықтап, Қазақстан Республикасының Президентінің атынан ашықхат, гүл шоқтары мен жеміс-жидек салынған себетті тарту етті.

Ардагерге келер жылда тек мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. отан үшін от кешкен ардагерлерімізге деген құрмет қашанда ыстық ықыласпен, адамгершілік көңілмен құнды. Елбасының атынан келген ашықхат пен сый-сияпатқа риза болған қарт жауынгер алғысын білдіріп, бір қуанып қалды.

Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты

ЖАҢА ЖЫЛ – ІЗГІЛІК БАСТАУЫ

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Степной ауылдық округінің әкімі Г.Михайличенко, округ кураторы – БЖСМ директоры Қ.Қаирбеков, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Д.Бергенев ауылдық округ бойынша Ұлы Отан соғысының ардагері В.Воробьеваның үйіне барып, қарияны келе жатқан Жаңа жылы мерекесімен құттықтады. Олар соғыс ардагеріне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтің атынан ашықхат және бағалы сыйлық табыстай отырып, Варвара Степановнаға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және ашық аспан тіледі. Сондай-ақ, Степной ауылдық округі әкімінің аппараты Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларды өткізуге демеушілік көрсеткені үшін «Алға» шаруа қожалығының басшысы М.Бергеневке үлкен алғыс білдіреді. Мансұр Садуақасұлын келе жатқан Жаңа жылы мерекесімен құттықтап, оған мықты денсаулық, жақсылық, табыс тілейміз.

Степной а/о әкімінің аппараты

Армандар орындалады



2014 жылдың 11 тамызында Жезкент кенттік округінде керемет оқиға орын алған болатын. Атап айтқанда дүниеге үшем келіп, бүкіл аудан жұртшылығын тамсандырған еді.

Бақытты Ибраевтар отбасында бұған дейін он бір және он төрт жастағы екі қыз бала бар еді. Енді олардың қатарына тағы бір қыз бен екі ұл қосылды.

Бақытты жанұяның осы айтарлықтай қуанышы аудандық әкімдіктің назарынан да тыс қалмады. Аудан әкімдігі көпбалалы Ибраевтар жанұясына 75-үйден жеке пәтер сыйлады. Енді көп балалы бақытты жанұя 2015 Жаңа жылды өздерінің үш бөлмелі пәтерлерінде қарсы алуға дайындалуда. Армандар орындалады деген осы ғой.

С. ДАУРЕНБЕКОВА,
Жезкент к/о әкімдігі

Жаңа жылдарыңызбен!



Құрметті Андреевка ауылдық округі тұрғындары!

Сіздерді алда келе жатқан Жаңа 2015 жылмен құттықтаймыз! Жаңа жыл – Жаңа күн – Жаңа өмір! Бұл күн болмыстағы бояудың барлығын үміттен, қуаныштан, махаббаттан алып, айналаға нұр болып шашылып, әр шаңыраққа шуақ болып тарайды. Қай-қайсымыз болсақ та осы мерекелік кештен келесі Жаңа жылға дейін жүрегімізге есте қалатындай бір сезім сеуіп, ол сезім бізді келесі жылға дейін үмітпен жетелеп отырады. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс әкелсін!

Андреевка а/о әкімінің аппараты

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Бақы ауылдық округінің тұрғындарын келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз.

Жақындаған жаңа жыл,
Жарасты болсын жаңа бір.
Табиғат, ауа райы да
Достар да, жұмыс жайы да,
Үй ішінде саулық боп
Қарсы алайық тағы да!!!

Бақы а/о әкімінің аппараты

Құрметті жерновкалықтар!

Сіздерді Жаңа Жыл мерекесімен құттықтаймыз!

Келді, міне, Жаңа жыл ортамызға,
Құт-береке әкелсін баршаңызға.
Аңсаған арманыңыз орындалып,
Өміріңіз бақыт пен толсын нұрға.

Жерновка а/о әкімінің аппараты

Құрметті ауылдастар!

Барлығымыз асыға күткен Жаңа жыл да есігімізден енді. Біз ең алдымен өткен 2014 жылға да мол алғысымызды білдіргеніміз жөн. Ауылдың еңбекқор, қонақжай халқы барлық қазақстандықтармен бірге, сенімді қадаммен алға нық басып келеді. Жаңа жылда отбасыларыңызға бақыт, амандық, бірлік тілейміз. Алдарыңызға қойылған мақсат, армандар орындала берсін. Қой жылы табысты, тыныш, жайлы жыл болуына тілектеспіз.

Зубаир а/о әкімінің аппараты

Құрметті Новопокровка ауылдық округінің тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл өткен жылдың қорытындысын жасап, атқарылған істі саралайтын кезең екендігі белгілі. Халқымызда “Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп” деген даналық сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықпыз. 2014 жыл біз үшін берекелі де жемісті жыл болды. Келер жыл толағай табыстар әкеліп, халқымыз игілікке, мемлекетіміз молишылыққа, әр шаңырақ береке, бақыт пен шаттыққа кенеле берсін! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

Жаңа жылдарыңызбен, ардақты ағайын!

Т.Жаймұхамедов, Новопокровка а/о әкімі
Н.Яровой, Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті Переменовка ауылдық округінің тұрғындары!

Барлығыңызды Жаңа 2015 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл бақыт, шаттық, қуаныш, құт-береке әкелсін! Жаңа жылда ырыстарыңыз тасып, табыстан табысқа жете беріңдер! Барлық жоспарларыңыз іске асып, тілектеріңіз орындалсын!

Әкім аппараты, Ардагерлер,
Әйелдер және Жастар кеңестері



АУДАН АЙНАСЫ

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА ЖЫЛ!

(Басы 1-ші бетте)

26 желтоқсанда орталық мәдениет үйінде Білім бөлімінің ұйымдастыруымен АУДАН ӘКІМІНІҢ ШЫРШАСЫ болып өтті. Бұған аудан мектептерінің үздік оқушылары, сондай-ақ жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар қатысты. Ауданның барлық округтерінен жиыны 70-ке тарта бала жиналды. Аудан басшысы Григорий Иосифович Ақулов аталған іс-шараға арнайы келіп, бүлдіршіндерді Жаңа жылдық мерекемен құттықтап, ел ертеңі – жас буынға мықты денсаулық, оқуда табыс және жарқын болашақ тіледі.

Аудан әкімінің шыршасы оған қатысушы барлық оқушыға ерекше көңіл күй сыйлап,



олардың жақсылыққа деген сенімін нығайтып, армандарына канат қақтырғандай болды. Аудан әкімінің ізгі, шын жүректен айтылған құттықтауынан соң балалар мереке қызығына араласып кетті. Олар мерекенің көрігін қыздыруға келген Сайқымазактармен бірге Күлмесгүлді күлдірді, Шыршаны Мыстан кемпірден, Ақшақарды Жалқаулық-Енжарлық-Бойкүйездік атты үштіктен арашалап алды. Дәстүр бойынша Аяз атаны қарсы алып, би билеп, ән салып, өлең оқып, оның қоржынындағы тәттіден дәм татты. Мереке соңында барлық балаға аудан әкімінің атынан бағалы сыйлықтар табысталды.

Мерекенің аяғы «Анита» кафесіндегі балаларға арналған түскі асқа ұласты. Балалар мерекелік



торттан, басқа да тәтті-дәмділерден ала отырып, сезімді сырға, сыңғыр күлкіге толы қуанышты мезетті бастарынан өткерді. Олардың риясыз күлкісін, көңілді жүздерін көргенде: «Біздің көгершін қалықтаған бейбіт көк аспанымыздың асты үнемі балалар шаттығына орана берсе екен!» деп тілек тіледік іштей.

А.ТЛЕУҒАЗИН

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЕРТЕҢГІЛІК

Жаңа жыл - сиқырлы, қуанышқа және ертегі әлеміне бөлейтін мереке. Балалар үшін Жаңа жыл – ең сүйікті мейрам. Жаңашүлбі ауылдық клубында балаларды әсем безендірілген шырша күтіп тұрды.

28 желтоқсанда ауылдық округте ауылдық аурухана, «Лазарев и К» ЖШС, әкімдік және «Қазақтелеком» қызметкерлерінің балалары үшін жаңа жылдық ертеңгілік өтті.

29 желтоқсанда мектеп жасындағы балаларға арналған Жаңа жылдық ертеңгілік болды. Балаларға ертегі әлемінен: жалмауыз кемпір, кішкентай кемпір және Аяз ата мен Ақшақар және тағы басқа қонақтар келді. Балалар шыршаны айнала билеп, түрлі ойындар ойнады. Аяз атаға жаттаған өлеңдерін айтып, сыйлықтарын алды. Мереке өте жақсы өтті, балалар мәз-мейрам болып үйлеріне тарасты.



Жаңашүлбі а/о әкімдігі

КЕНТТЕ КӘСІПКЕРЛІК ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жезкент кенттік округінде кәсіпкерлікті дамыту белсенді түрде жалғасып келеді. 2014 жылы кентте көптеген жаңа дүкендер, тұрмыстық қажеттілік орындары және тағы басқа кәсіпкерлік объектілері ашылды.

Таяуда ғана «Клеопатра» атты жаңа сән салоны бой көтерді. Бұл салонда кенттің қыз-келіншектері өздеріне қажетті барлық қызмет түрін ала алады. Енді қыздар мен бикештер косметологтың көмегіне жүгіну үшін қалаға бармай-ақ, кенттегі жаңа салонда барлық ісін тындырады.

Сондай-ақ автотұрақ аумағында «Гламур» салоны іске қосылды. Салонның ішіне сапалы жөндеу жүргізілген. Ал сән шеберлері өз шеберліктерімен келушілерді бірден баурап әкетті.

Жаңадан бой көтерген объектілер ішінде «Береке» асханасы да бар. Октябрь даңғылында орналасқан асхана мемлекеттік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асты.

Жуырда екі бірдей дүкен ашылып, жезкенттіктерді қуанытып тастады. Бұл дүкендерде жеміс-жидектер сатылады. Жезкент кентінің тұрғындарын ең бірінші осы дүкендердегі төмендетілген баға мен қызмет көрсету сапасы риза етті.

Осы жылы автотұрақ маңындағы ескі базарды жаңарту басталды. Енді әр демалыс сайын, бір бағада сауда-саттық жәрменкесі жүргізілетін болады.

Сонымен қатар «ТрансЭкоСервис» ЖШС ашылды. Бұл кәсіпорын тұрғын үй-коммуналдық, қоқыс шығару және үйге қызмет көрсетумен айналысады. Енді Жезкент кентінің тұрғындары қоқыс шығаратын көліктің келуін тоспай-ақ, кез келген уақытта қоқыс төгуге мүмкіндік алды. Сол үшін әр үйдің маңына қоқыс жәшіктері орнатылды.

Жезкент кентінде балаларға арналған жаңа киім-кешек дүкені, кішігірім тігін цехы және бірнеше сауда бөлімдері ашылды.

Кенттік округтің әкімі барлық кәсіпкерлерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, оларға көл-көсір табыстар мен жетістік тілейді.

А.Тюленева, Жезкент к/о әкімдігі

Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты Оралхан Бөкей дүниеге келді. 1943 жылы мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Әуезов дүниеге келді. 1955 қой жылы қазақ ұлты елеулі



үлес қосқан Таласбек Әсемқұлов, Қуандық Түменбай, Қырымбек Көшербаев, Толымбек Әбдірайым сынды азаматтар өмірге келген.

1979 қой жылы журналист, қазақ баспасының тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, КСРО журналистер Одағының мүшесі Қайыржан Нұрғожаұлы Бекқожин өмірден озды.

1991 қой жылы әдебиеттанушы, сыншы, тележурналист, жазушы, қоғам қайраткері Сағат Әшімбаев өмірден озды.

1991 қой жылы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Жоғары мектебінің еңбек сіңірген

ҚОЙ ЖЫЛЫ БОЛҒАН МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР



Қой жылы 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алды.

1907 қой жылы жазушы, аудармашы, сыншы Әлібек Қоңыратбаев дүниеге келді.

1907 қой жылы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиев дүниеге келді.

1919 қой жылы башқұрт ақыны, Социалистік Еңбек Ері Мұстай Кәрім дүниеге келді.

1931 қой жылы ақын ақын Мұқағали Мақатаев дүниеге келген.

1943 қой жылы жазушы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты,

қызметкері Тауман Амандосов өмірден озды.

1991 қой жылы «Беловеж келісімі» болды. Бұл - 1991 жылы 8 желтоқсанында Ресей, Украина, Беларусь республикалары басшылары арасында жасалынған келісім-шарт. 1991 жылғы тамыз бүлігінен кейін КСРО-ның ыдырау процесі бұрынғыдан да үдей түсті.

1991 қой жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 республика (Армения, Әзірбайжан, Белорус, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Украина) басшылары жаңа келісім-шартқа қол қойды. Сөйтіп бұрынғы КСРО аумағында жаңа одақ - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды.

2003 қой жылы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожасақұлы Қожакеев өмірден озды.

2003 қой жылы физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Шалтай Смағұлов өмірден озды.

Дайындаған: «Аудан тынысы»

ЖАҢА ЖЫЛ - 2015

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ - ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

АРДАГЕРГЕ МАРАПАТ

Жернов-
ка ауылдық



округінде Ұлы Отан соғысының ардагері Михаил Егорович Мартынов тұрады.

Жаңа жылдық мерекенің қарсаңында Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Болат Құсайынұлы Аргумбаев, Жерновка ауылдық округінің әкімі В.С.Позигунов мерекемен құттықтады. Ардагерді жаңа жылмен құттықтай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан келген ашықхат пен азық-түлік салынған себетті тарту етті. Елбасының, аудан басшыларының атынан көрсетіліп жатқан мұндай құрмет пен ықыласқа риза болған қарт жауынгер өз кезегінде алғысын жаудырды. Құттықтай келген аудан басшылары ардагерімізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, амандық тіледі.

Михаил Егорович қуанышын жасыра алмай, барлығына алғысын айтып, жаңа жылдың алдындағы жағымды жайтқа шексіз ризалығын білдірді.

Жерновка ауылдық округі әкімінің аппараты

ҚАРТ ЖАУЫНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

29 желтоқсан күні Жаңа жылдық мерекенің құрметіне Красный Яр ауылдық округінің Речное ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Андреевич Выдринді Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акулов, аудандық мәслихаттың хатшысы Уәлихан Төкенұлы Майжанов, аудан әкімінің орынбасары Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин, аудандық мәслихаттың депутаты Сергей Николаевич Быков және ауылдық округтің әкімі Ляззат Мұхамеджанқызы Жұбановалар құттықтап қайтты. Иван Андреевичке аудан әкімі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолы қойылған ашықхатты және жеміс-жидек салынған себет сондай-ақ Жаңа жылдың символы аққайнарды табыстады. Осындай құрмет пен көңіл үшін Иван Андреевич ризашылығын білдіріп, бір қуанып қалды. Қатары сиреп бара жатқан асыл ардагерлеріміз қандай да болмасын құрмет пен сыйлықтарға лайықты.

Краснояр ауылдық округінің әкімдігі

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ



2014 жылғы 29 желтоқсанда Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акулов, аудандық мәслихаттың хатшысы Уәлихан Төкенұлы Майжанов Жаңашүлбі ауылдық округінде тұратын Ұлы Отан соғысына қатысқан ардақты ардагерлеріміз Михаил Иосифович Коноваловты, Фёдор Иванович Песчанскийді, Николай Фотеевич Влезковты келе жатқан мерекемен құттықтап, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан ашықхат

пен азық-түлік салынған себет сыйлады. Ардагерлерімізге мереке алдында көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ақ тілектерін айтты. Өз ретінде ардагерлеріміз де мемлекеттің осындай қамқорлығы мен ықыласына алғыстарын білдіріп, қуаныштарын жасырмады. Қашанда ардагерлерді назардан тыс қалдырмай, көңіл бөліп, қолдан келген көмектерін аямайтын жерлес демеушілеріміз Петр Петрович Лазаревке, Валерий Викторович Лопатинге, Александр Александрович Подкорытовтарға алғысымызды білдіреміз.

Жаңашүлбі ауылдық округі әкімінің аппараты

ҚҰРМЕТ ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Жаңа жылдың қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Ефимович Салмановты Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акулов пен аудандық мәслихаттың хатшысы Уәлихан Төкенұлы Майжанов және ауылдық округтің әкімі құттықтап қайтты. Аудан әкімі құттықтаумен қоса Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан ашықхат пен арнайы дайындалған сыйлықты тарту етті. Иван Ефимовичке зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі. Қанқұйлы соғыста көрсеткен ерен ерлігі үшін алғыс білдіріп, ұрпақтар ерлердің ерліктерін ұмытпайтындығын жеткізді. Тосын сыйға таң қалып, риза болған қарт ардагер, мемлекеттің ардагерлерге деген құрметі мен қамқорлығы үшін алғысын білдірді.

Таврия ауылдық округі әкімінің аппараты

Жаңа жылдарыңызбен!

Құрметті аудан тұрғындары

Сіздерді есігімізді ашып енген қой жылымен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға береке - бірлік, жақсылық, амандық, ырыс пен құт тілейміз!

Жаңа Жыл әр отбасына тек қана қуаныш, шаттық, молшылық әкелсін! Еңбектеріңіз жеміске, бастамаларыңыз сәттілікке ұласып, еліміздің, облысымыздың, ауданымыздың жарқын болашағы үшін атқарар әрбір істеріңіз жеңіске жеткізсін! Жаңа Жылдарыңыз құтты болсын!!!

“Аудан тынысы” газетінің ұжымы

Құрметті Подборный ауылдық округінің тұрғындары!

Сіздерді Жаңа 2015 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Барлығыңызға зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға амандық пен бақ-дәулет, еңбектеріңізге жеміс, өмір жолдарыңызға сәттілік пен табыс тілейміз.

Жаңа жылдарыңызбен, ардақты ағайын!

Подборный а/о әкімінің аппараты

Құрметті Петропавловка ауылдық округінің тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Жаңа жыл барлықтарыңызға тек қана жаңа қуаныш, жаңа бақыт, жаңа табыс әкелсін! Ортамыз ойсырамай, қатарымыз көбейіп, Алла тағала жылдан жылға аман есен жеткізе берсін! Барлықтарыңызға мықты денсаулық, берекелі байлық тілеп, жаңа бастаған істеріңіз оңды болуына тілектестік білдіреміз! Жаңа жыл құтты болсын, ағайын!

Петропавловка а/о әкімінің аппараты

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы №281 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 3581 санымен тіркелген

Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7-баптарына сәйкес Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының Тізбесі белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 281 қаулысына қосымша

Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының тізбесі

1. Табысы аз адамдар;
2. жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
3. балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата – ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
4. көмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата - аналар;
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
6. зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
7. мүгедектер;
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9. бас бостандығынан айыру және (немесе)

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын қарастырсын.

3. «Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы» Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 75 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3234 тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 18 (426), «Пульс района» газетінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 19 (6746)) жарияланған қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Р.А.Атаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. АКУЛОВ

мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

10. оралмандар;

11. техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12. жұмыс беруші-занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13. қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

14. терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді;

15. 50 жастан асқан әйел адамдар, 55 жастан асқан ер адамдар;

16. нашақорлыққа тәуелді адамдар, АИТВ жұқтырған азаматтар, туберкулез ауруынан жазылғандар;

17. ұзақ уақыт (1 жылдан артық) жұмыс істемеген адамдар;

18. отбасында бір де бір жұмысшы жоқ адамдар;

19. еңбек өтілі жоқ адамдар.



ҚЫСҚЫ ЕРТЕГІЛЕР

АЯЗ БЕН ҚОЯН

(орыс халық ертегісі)

Бір күні қыста орман ішінде Аяз бен Қоян кездесіп қалады. Қоянды көрген Аяз мақтана жөнеледі:

- Бұл ормандағы ең күшті – менмін! Кез-келгенді жеңемін, кімді болса да қатырып, мұзға айналдырып жіберемін!
- Мақтанба, Аяз! Кез-келгенді қатыра алмайсың, - деді Қоян.

- Қатырамын десем – қатырамын!
- Жоқ, қатыра алмайсың, - деп Қоян да айтқанынан қайтпады.

Олар осылай дауласып-дауласып, соңында Аяз Қоянды мұзға айналдырып жібермек болды. Сөйтті де:

- Қане, Қоян, бәс тігейік! Қазір мен сені қатырып, мұз қып жіберемін!- деді.

- Қане, көрейік!- деп келісе кетті Қоян.



Аяз қаһарына мінді. Бар күшін салып, бұрқасындатты. Қоянды жан-жағынан мұздай суық жел орады. Ал қоян болса секіріп, жүгіре жөнелді. Қарлы төмпешіктерден орғып өтіп, жоталардан сырғанақ тепті. Арасында былай деп өлеңдетіп қояды:

- Маңдайым жіпсіп, қара тер мені басады,
Қыздырып көкте қызыл Күн арай шашады!

Аяз шаршайын деді. «Не деген мықты қоян?!»- деп ойлады да, суықты одан сайын күшейтті. Ызғардың күшейгені соншалық ағаштардың қабықтары жарылып, діндеріне сықырлап сызат түсті. Ал қоян болса суықты елеген де жоқ. Жота басынан біресе сырғанап, біресе домалап, қалың қарды қақ жара жүгіріп, ойынын қыздыра берді. Сөйте-сөйте Аяздың әбден әлі құрыды. Қоян қату былай тұрсын, тоңған да жоқ. Мұны көрген Аяз райынан қайтты.

- Жарайсың, Қоянжан! Сені қатыру мүмкін емес екен, - деді Аяз. Қоянның ержүректілігіне риза болған Аяз оған аппақ тон сыйлады. Содан бері барлық қояндар қыс кезінде аппақ тон киетін бопты.

АҚШАҚАР

(орыс халық ертегісі)

шықты.

Бұны көрген шал мен кемпірден де тыным кетті.

- Қызым-ау, еш жерің ауырып тұрған жоқ па?- деп сұрады кемпір бірде.

- Жоқ, апа, барлық жерім сау, - деді Ақшақар. Десе де қараңғы бұрышқа тығыла берді.

Бір күні қыздар жиналып, орманға жидек теруге бармақ болды. Олар Ақшақарды да өздерімен бірге баруға шақырды.

- Жүр, Ақшақар! Бізбен бірге жүр!- деді қыздар.

Ақшақардың күн көзіне шыққысы келмеді. Сол кезде шал мен кемпір:

- Бара ғой, Ақшақар! Бара ғой, қызым! Құрбыларыңмен бірге көңіл көтер, - деді қолқалап.

Ақшақар қолшатыр алып, құрбыларымен орманға келді. Қыздар орман ішін аралап, гүлден тәж тоқып, қол ұстаса билеп, көңілді әндер айтты. Ал Ақшақар болса суы тастай суық бастау тауып алып, күні бойы соның жанында отырды. Саусақтарын суға салып ойнады. Сұп-суық су ішінде саусақтары аппақ маржандай боп көрінді екен.

Кеш те келді. Қыздардың ойыны енді қызды. Олар үлкен алау жақты. Бастарына гүлдестелерін киіп, алау үстінен секіріп ойнады. Ақшақар алауға жақындамай шетте тұр еді. Қыздар «Сен де секір», - деп, сүйрелей жөнелді. Ақшақардың секіргісі келмеді. Құрбылары әбден мазасын алған соң еріксіз алауға жақындады. Қорыққанынан аяқ-қолы дірілдеп кетті.

- Секір, секір, Ақшақар!- деп айқайлады қыздар.

Ақшақар жүгіріп келіп, секіріп қалды. Дәл алау үстіне келгенде «Ах!» деген аянышты дауыс шығарды да, Ақшақар жоқ боп кетті. Алау үстінен аппақ бу көтерілді. Бу бұлтқа айналып, көкке ұшып, көзден ғайып болды.

Сөйтіп Ақшақар еріп кетті...



Әлемде арқилы оқиғалар болады, бұл жайында бізге ертегілер сыр шертеді...

Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір өмір сүріпті. Олардың сауып ішір сиыры, сойып жейтін қойлары, тіпті жылы пештің жақтауын жамбастап жатар мысықтары да болыпты. Екеуінің тек балалары болмапты. Олар осыны уайымдап, күнде қайғыға батады екен.

Бір жылы қыста қар қалың жауап, жер бетін белуардан қар басыпты. Көрші-қолаңның балалары бірі қалмай сыртқа шығып, шана теуіп, қармен атысып ойнап,

қардан аққала тұрғыза бастайды. Терезеден ойнап жүрген балаларды көрген шал кемпіріне былай дейді:

- Ал, кемпірім, сен неге үндемей, елдің баласына қарап отырсың. Жүр біз де сыртқа шығайық. Қартайып тұрсақта аққала жасайық!

- Жақсы, шықсақ шығайық. Бірақ бізге аққала неге керек. Одан да Ақшақар жасайық, - деп жауап береді кемпір.

Сөйтті де екеуі сыртқа шықты. Бақшаға барып Ақшақар жасай бастады. Көздеріне екі көгілдір түйме қойды. Қос бетін алмадай қылып бояды. Алтын түстес матадан шаш, алқызыл лентадан ауыз жасады. Олардың жасаған Ақшақары сондай әдемі болды. Шал мен кемпірге күлімдеп қарап тұрғандай еді. Қос қария өздері жасаған Ақшақарға қызыға қарап, көздеріне жас алды.

Бір кезде Ақшақар қолдарын, содан кейін аяқтарын қимылдатты. Ептеп орнынан қозғалып, бақша ішінде әрі-бәрі жүрді де, үйге қарай бет алды. Шал мен кемпір таң қалғандарынан бір орындарында қатты да қалды.

- Шал-ау, біздің қызымыз тіріліп кетті! Айналайын Ақшақарым менің! Үйге қарай бара жатыр. Ұзағынан сүйіндіре көр!-деп айқайлады кемпір.

Ақшақар күн санап емес, сағат сайын өсті. Күн өткен сайын Ақшақар сұлулана түсті. Қараған сайын көз тоймайтын аруға айналды. Оның тәні қардай ақ, көзі көгілдір, шашы алтындай сары еді.

Арада айлар өтті. Көктем де келді. Қар еріп, жер көгеріп, жәндіктер ұйқыдан оянып, құстар сайрай бастады. Ауыл балаларының қуанышында шек болмады. Барлығы тысқа шығып, ойнап-күліп, көктем жайлы ән шырқады. Ал Ақшақар болса мұңайып, көңілсіздене берді. Терезеден сыртқа көз салып қарайды да, моншақтап жас төгеді.

Күндер өте берді. Жаз да басталды. Бау-бақша гүлге оранып, егіс алқаптары жайқалды. Ақшақарды одан сайын мұң басты. Күн көзінен тығылып, сыртқа мүлде шыға алмайтын болды. Көлеңке мен суық жер іздеп есі

ҚЫСҚЫ ОҚИҒА

(Д.Кудряковтан)

- Ой, мына талдарға не болған? Айнала неге аппақ? Неге суық? Неге тым-тырыс?- деді Маймақ апаннан басын шығарып.

Егер Маймақтың орнында басқа қонжық болса, ол дереу апанға қайтып оралар еді. Бірақ Маймақ сондай қызықшұмар болатын. Ол барлығын дұрыстап зерттеп көрмек болып барлауға шықты. Жып-жылы апанынан томпаңдап шығып келе жатқан Маймаққа тиіндер таңдана қарасты. Ал қонжық бір керіліп алды да, жүре жөнелді. Ол жол-жөнекей алдыңғы аяқтарымен қарды көсіп алып, аузына тықты. Міне, қызық! Оған сондай оғаш, аппақ әрі суық көрінген қар сондай тәтті екен. Дәмі таңқурайға ма, балға ма, әлде анасының сүтіне ме, әйтеуір таныс дәмге ұқсады. Ол қос қолымен қарды асай бастады. Сол кезде тура қасынан біреудің қатты күліп сөйлеген даусы естілді:

- Ақымақ қонжық! Қарды жеуге болмайды! Сен оны жеуге болатын ас деп тұрсың ба?

Маймақ басын көтерді. Талдың бұтағында әдемі қызыл кеуделі бозшымшық отыр екен. Ол

қонжықты мазақ етіп, қатты-қатты күледі.

- Сен неменеге күлесің? Мен сені қазір ұстап алып, сазайыңды беремін, - деді Маймақ.

